

Бірыңғай тіркелген салықтың мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 46/278-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 желтоқсанда № 3469 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 20/144-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 29.03.2018 № 20/144-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызыметін Арыс қаласының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салықтың мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат

сессиясының төрағасы,

мәслихат хатшысы

T. Тулбасиев

Арыс қалалық мәслихатының

2015 жылғы 16 қарашадағы

№ 46/278-V шешіміне қосымша

K/ c	Салық салу объектісінің атауы	Айна салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	2
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5

5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК